

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



### Дария ҚОЖАМЖАРОВА

*Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры,  
ҚР ҰҒА корр. мүшесі, т.ғ.д., профессор, Тараз қ.*

Ел тарихы – жер тарихы. Жер тарихы – мемлекет тарихы. Ортағасырлық араб ғалымы Ибн Халдун қоғам мен мемлекет адамдардың арасында ынтымақтастық сезім орнаған кезде қалыптасады деп санап, адамдардың өмір сүруіне қажетті материалдық игілік адамдардың өзара ынтымақтыстығы мен бір-біріне көмек көрсету сезімі болған жағдайда жеткілікті болады деп есептеген. Ол мемлекетті таптардан тыс құрылым, мемлекет ортақ мақсатқа сай ұжымдар мен адамдарды біріктіріп, қоғамдық үйлесімділікті қамтамасыз етеді деген пікірде болды.

Демек, біздің қазақ халқы «Тарих толқынында» қалыптасқан ұлт екендігі анық. Мұны еліміздің тәуелсіздігі жағдайында Отандық тарих ғылымы бойынша бұрын белгісіз болып келген «ақтаңдақтарды» көптеген тың зерттеулер, ғылыми еңбектер, мәдени мұраларды зерттеу арқылы дәлелдей алдық. Дегенмен, әлі де терең зерттеулерді қажет ететін тақырыптар, тарихтағы күмәнді немесе анықтауды қажет ететін тұстары да жетерлік.

Қазақстанның қазіргі аумағы негізінен қазақ этносын қалыптастырған тайпалардың таралу аумағына сәйкес келеді. Ол тайпалардың XV ғасырда аяқ астынан қалыптаса қалмағаны айдан анық. Қазақ этносының қалыптасуы талай мыңжылдықтарға созылған үдеріс, өкінішке қарай, ол жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Ғалымдарымыз әлі күнге дейін көне түркілік Дешті Қыпшақ даласындағы ертедегі мемлекеттік құрылымдардың құрылуы мен ыдырауы, түркі-қыпшақ жұртының таралу аймағы, Еуразия топонимикасының тарихы сияқты тағы басқа да аса күрделі әрі ауқымды тақырыптарды жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастырған жоқ.

Ең өкініштісі бізде Шыңғыс ханнан кейін қазақ жерінде құрылған Алтын Орда тарихы еліміздің тарихы болса да басқа мемлекеттің тарихы ретінде оқытылады. Мен тіпті Қырым, Сібір хандықтары туралы сөз қозғамаймын.

Өйткені бұл хандықтың негізін құраған да және соңына дейін басқарып кеткендер арғындар мен керейлер болса да, біздің тарихтан ажырап қалған. Ал, Ақ Орда мен көшпелі өзбектердің мемлекеттеріне келсек, Ақ Орданы қазір аздап болса да өзімізге жақындастыру жолында біршама еңбектер жазылса, ал көшпелі өзбектер мемлекеті әлі де толығымен қазіргі өзбектердің еншісінде, ал олардың ханы Әбілхайырды толығымен өзбектің ханы деп мойындаймыз да, тағы да біздің тарихтан мүлдем ығыстырып тастаймыз. Одан кейін Қазақ хандығымен қатар өмір сүрген Моғолстан мен Ноғай Ордасына келсек, үш хандықты қатар қойып айтқанда үнемі Қазақ хандығын жоғары қоямыз. Ал шындығына келгенде дәл осы үш хандықтың қосындысынан қазіргі Қазақ мемлекеті шыққан жоқ па?! Яғни Тәуке ханның тұсында Моғолстаннан Ұлы жүз, Ноғай ордасынан Кіші жүз қазақтары құралды ғой.

Қазақ-жоңғар соғысын да қайтадан сүзгіден өткізу қажеттілігі туындап отыр. Өйткені соңғы кездері шыққан мәліметтерге көз салсақ, жоңғарлар да қазақтар сияқты Шыңғыс ханның кезінде-ақ дулат, керей, найман, арғын тайпаларынан құралған екен. Олардың алғашқы билеушісі және одан кейін де билегендер жалайырдан шыққан Мұқағали қолбасшы мен оның ұрпақтары болған. Тек олардың тибеттіктердің дінін қабылдауының нәтижесінде бізден алыстап кеткен. Тіптен қалмақтардың атақты ханы Аюке Шыңғыс ханның көтерілуіне жағдай жасаған керейттердің ханы Тоғырылдың тікелей ұрпағы болып келеді. Осыған байланысты қазақ-жоңғар байланысын, соның ішінде екі көшпелі мемлекеттің арасында болған соғысты да қайтадан сұрыптаудан өткізу қажет. Өйткені бұл соғыстың түсініксіз жақтары өте көп. Мәселен екі мемлекеттің арасындағы соғыс екі жүз жылға созылып, қаншама батырларымыз шықты дейміз, алайда сол батырлардың бірде-бірі жоңғарлардың қолынан өлгені туралы немесе керісінше қазақтар жоңғарлардың батырын өлтірді деген дерек мүлдем жоқ. Бұл соғыста қазақтардың үштен екі бөлігі қырылды дегенде қисынға келмейді. Өйткені ол кезде ешқандай статистика жүрмеген, болмаса қырылған қазақтардың есебі туралы еш жерде дерек те кездеспейді. Бірақ оның есесіне қазақтар мен жоңғарлардың біріккен қолдары сол жылдары Орталық Азиядағы Самарқанд, Ферғана, Бұқара сияқты қалаларды және Сібір шебіндегі орыс бекіністерін шапқаны, Ташкент, Түркістан сияқты қалалардың сарттары жоңғарлармен бірге қазақтарға да салық төлеп тұрғаны жөнінде деректер табылуда.

Қоқан, Хиуа сияқты Орталықазиялық хандықтарға да басқаша ғылыми тұрғыдан баға беру керек. Өйткені мұрағат қорларындағы және осы хандықтарда болған саяхатшылар мен патша шенеуніктерінің жазбаларына назар аударсақ ондағы мәліметтер қазіргі кездегі орын алған әдебиеттердегі тұжырымдамаларға мүлдем сәйкес келмейді. Мысалы, Қоқан хандығының қалыптасуына және өз алдына мемлекет болып орнығуына қазақтар тікелей атсалысқан. Сол кездегі деректер бойынша Қоқан хандығында мекендеген халықтың үштен екісін қазақтар құраған және Қоқан хандарын қазақтардың салты бойынша ақ киізге салып, таққа отырғызатын болған.

Сонымен қатар, ертедегі көшпелілерге тікелей қатысы бар қалалардың тарихына үлкен мән берген жөн. Мәселен, Бұхара, Соғда, Ферғана, Ахсикент, Ходжент, Шам, Яссы, Янкент, Қият, Үргеніш, Испиджаб (Сайрам), Манкент, Құмкент, Саудакент, Бабата, Тараз, Құлан, Мерке, Баласағұн, Аспара, Қарақастек, Алматы, Қойлық, Жаркент, Қашқар және тағы басқа да қалалардың көпшілігі қазақтардың «еншісіне» бұйырмай тұр. Оның себебі бұл аталмыш қалалардың негізін қалаудағы ата-бабаларымыздың рөлі туралы отандық тарихшылар тарапынан жазылған зерттеулер аздық етуде. Олардың өзі оқырмандарға толық жетпеуде. Әсіресе, Тараз өңірінде салынған Баласағұн қаласының тарихи маңызын халыққа насихаттау өте өзекті. Өйткені Баласағұн қаласы тек Түргеш, Қарлұқ, Қарахан, Қидан сияқты мемлекеттердің орталығы ғана болмаған, қала атауының соңғы тіркестері сақтар мен ғұндардың да осы қаланы мекен еткені көрсетіп отырған жоқ па?!

Тіпті, XIX ғасырдың I жартысындағы оңтүстік өңірдегі Ақмешіт, Әулиеата, Түркістан, Шымкент, Ташкент сияқты қалалардың өзі қазақтардан аластатылған. Оған себеп кешегі Кеңестік тарихнама болатын. Онда аталмыш қалаларда Қоқан бектері басқарған өзбектер, сарттар, түркімендер және тағы басқа да Орталық Азия өкілдері тұрған, кейін патша әскерлері келген кезде осы қалалар үшін соғысқан да солар, ал қазақтар болса қалалардың сыртында көшіп-қонып, Қоқан бектеріне алым-салық төлеп, бұл қалаларға еш қатысы болмаған делінген. Яғни Кеңес идеологтары біздің санамызға бұл қалалар қазақтар үшін мүлдем жат, сондықтан оны кім жаулап алса да қазақтарға бәрібір болған дегенді жаттанды еткен. Нәтижесінде қазіргі кезге дейін халық санасында осы көзқарастар үстемдік құруда. Алайда тәуелсіздік алған кезден бастап Отандық тарихшыларымыз тарапынан жүргізген зерттеулер және мұрағаттан табылған көптеген құжаттар бұл пікірдің бұрмаланғанын, әрі дұрыс емес екенін дәлелдеп отыр. Мәселен, соңғы зерттеулер көрсеткендей Оңтүстік Қазақстандағы Жаңақорған, Жөлек, Шымкент, Түркістан, Ташкент және тағы басқа да қалаларды патша әскерлерінен қорғауда негізінен басты рөлді қазақтар атқарып, ондағы қорғаушылардың басым бөлігін қазақтар құраған. Тіпті, Ақмешіт, Әулиеата, Мерке, Созак, Тойшыбек, Шолаққорған сияқты бекіністердің қорғаушылары дерлік қазақтардан тұрған. Бұл туралы бірнеше ғылыми зерттеулер жазылған. Өкініштісі сол аталмыш ғылыми еңбектер монографиялар түрінде жарық көргенімен осы кезге дейін оқулықтарға енгізілмей келеді. Осыған байланысты кезінде Кеңестік кезеңде қалыптасқан көзқарастар әлі де догма күйінде қалуда. Осыған орай, тарихилық принцип пен өркениеттілік ұстанымды басшылыққа алып, ұлт тарихын жаңа қырынан зерттеуді қарқынды түрде жүзеге асыра отырып, орталықазиялық номадтық өркениетті зерттеудің маңыздылығына ерекше назар аударып, қазіргі таңда ол өркениеттің сақтаушысы қазақ этносы екенін және оның археологиясын, антропологиясын, этнографиясын, фольклорын, мәдениеті мен дәстүрлерін зерттеуге күш салу, қазақтардың номадтық өркениетін зерттеу саласында ғылыми және ғылыми-қолданбалы зерттеулер бағдарламасын дайындауымыз

қажет. Мұндағы басты мақсат – Қазақстанның тарих ғылымының сапалы дамуына жағдай жасау, ұлттың жаңа тарихи көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Отан тарихын жаңа теориялық-методологиялық парадигманың негізінде, ғылыми-танымдық тілде оқып үйрену студенттер арасында тарихқа деген қызығушылықты кеңейтетіндігі сөзсіз. Тарихи білімдерді насихаттау, оларды көпшілікке жеткізу жанды, қызықтыра алатындай тілмен жазылған іргелі оқулықтар болғанда ғана мүмкін болмақ. Өз ұлтының тарихи тәжірибесінен сабақ алмаған халық адамзат өркениетімен бірге алға баса алмайды. Тарихпен тәрбиелеудің маңызы да осында. Яғни, тарих – барлық ғылыми білімнің анасы, аса маңызды құдіретті ғылым ретінде өскелең жас ұрпақты адамгершілікке баулу, оларды адамдар арасында болатын жаман қасиеттерден сақтандыратын күш және қараңғылықтан алып шығатын шырақ. Тарихтың тәрбиелілік функциясы да ерекше. Ол адамгершілік қасиеттерді арттыру негізінде қоғамдық прогреске кең жол ашып, өткен дәуірлердегі жағымды құбылыстар мен оқиғалардан ғана емес, жағымсыз жайттардан да тағылым алуға септігін тигізеді. Тарихқа деген мұндай көзқарасты бүгінгі таңда тарихтың теориялық-методологиялық мәселелерін зерттеп жүрген ресейлік ғалым Н.И. Басовскаяның «тарих бірінші кезекте, мәңгілік адамгершілік құндылықтарға жету жолындағы жетістіктер мен адасушылықтарды аңғартуы тиіс» деген пікірі дәлелдей түседі. Ал ортағасырлық араб тарихшысы әрі энциклопедист Таки ад-Дин әл-Маркизидің тарих ғылымына байланысты былай деп жазған еді: «Тарих ғылымы – ең керемет ғылымның бірі. Оны ойлы, саналы адамдар тәрбиелілік маңызы зор, ізгілікті ғылым деп санайды. ...Заманының лайықты адамдары деп есептелгендердің тарихқа үңілуі, ұлы ойшылдардың тарихқа бас иіп, оған тандануы бекер емес». Сондай-ақ, тарих отарлық езгінің тауқыметін тартқан халықтарды бірнеше ғасырлар бойғы ұйқыдан оятудың, елді өркендетудің және халықтың өзін-өзі тануының құралы болып табылады. Осындай міндетті жүзеге асыратын дүние – тарихи еңбектер. Мұндай еңбектер өткен дәуірлердің мысалдары негізінде ұлттық сана-сезімнің көтерілуіне және адамдарды тәрбиелеуге, отансүйгіштік қасиеттердің артуына қызмет етеді. Ал оны жазу және әрбір оқиға мен құбылыстың себеп-салдарын зерттеу арқылы шынайылықты түсіндіру және тарихи зерттеулердің басты методологиялық принципі оқиғалар мен құбылыстар жайынан мағлұмат беретін фактілерді объективті түрде талдау нағыз кәсіби тарихшылардың тікелей парызы, әрі міндеті. Тарихшының саяси көзқарасына орай тарихи шындықты бұрмаламауы тиіс, бұрмаланған тарихтан алар тағылым ешқашан шындықты тудырмайды, сондықтан тарихшыға қойылар талап үлкен және тарихшының өскелең жас ұрпақтың алдында жауапкершілігі өте зор. Яғни, тарихшы өз атына кір келтірмей халық алдындағы парызын есте сақтауы керек. Тарихты зерттеу барысында субъективті пікірлерді басшылыққа алып, жіберілген ескі қателіктер мен жаңсақ тұжырымдарды бүркемелеуге болмайды. Осыған орай, тарихшылар өз шығармаларында тарихи оқиғаларды тізбектеп баяндаумен ғана шектелмей, олардың арасындағы өзара байланысты түсіндіруге

баса мән беріп, тарихилық принципке сай тарихи сананы жаңғыртуға және өткен дәуірлердегі оқиғалар мен құбылыстар жайлы түсінігіміздің шынайы болуына қызмет етуге, белгілі бір проблеманы зерттеуде өткен дәуір мен өз заманының айырмашылығын көре білуге, объектіні қоршаған ортасынан бөліп алмай онымен контексте қарастыру қажет. Қазіргі бар оқулықтарда кемшіліктер мен қателіктер тым көп. Сондықтан алдағы 4–5 жылда тарихшы-ғалымдар тарапынан қазақ тарихының негізгі мәселелерін талдай келе, қателіктерден, бұрмаланушылықтан тазаланған нағыз шындыққа сәйкес келетін ортақ Қазақстан тарихы оқулығын дайындау міндеті шешілуге тиісті.